




**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮИЕСІ: ИДЕЯЛАР,
ТӘЖІРИБЕЛЕР, ІЗДЕНІСТЕР**

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

**СОВРЕМЕННАЯ СИСТЕМА
ОБРАЗОВАНИЯ:
ИДЕИ, ОПЫТ, ПОИСКИ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

2018

№ 50

Қасқыр: - Мен сұр қасқырмын. Ал, сен кімсің?

Аю: - Мен қорбаңбай аюмын. Мені де қолғапқа кіргізіндерші.

- Осылайша аңдар тату-тәтті бірге өмір сүре беріпті. Бір күні шалдың есіне жоғалған қолғабы түсіпті. Ол итін шақырып:

- Итім, итім, артқа қайт, жоғалған қолғапты тап. - деп бұйырыпты.

Ит: - Эй, сендер, кұстар ма, әлде аңдар,

Қолғаптан тез шығындар!

Шал мылтықпен келеді,

Қолғапты алып кетеді.

Қорқып кеткен аңдар жан-жаққа қашып кетіпті. Шал болса қолғабын - алып үйіне қайтыпты.

Тәрбиеші: - Балалар, міне ертегініде тамашаладық. Енді мен сендермен бір ойын ойнағым

келіп тұр. Бұл ойынның аты «**Кім не жейді?**» деп аталады. Алдымызда тұрған аңдардың

суреттерін өзінің сүйікті тамағына апарып қыстырып шығамыз.

- Сендер өте дұрыс орындадыңдар. Демек, тышқан бидайды жақсы көреді

екен. Келіндер, тышқанға бидай егіп беріп, бойымызды бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

(Балаларға бір қатар поезд тәрізді тұру тапсырылады. Бір-бірінің арқасына сәйкес қимылдар жасайды.)

1. Бидайды егу үшін алдымен жерды жыртамыз.

2. Жерге дәнді тастап шығамыз.

3. Дән өсу үшін оны сұғарамыз.

4. Дәніміз пісеті, енді оны орып аламыз.

Тәрбиеші: - Балалар, шал қолғабын алып кетіп, біздің аңдарымыз баспанасыз

қалды. Келіндер, оларға қолғап жасап берейік.

Шығармашылық жұмыс: Түрлі түсті мақта жіптен қолғапты жапсырып, дөңгелектенген мақтамен оны әшекейлеп шығамыз.

Рефлексиялық-түзетушілік:

Тәрбиеші: - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендерге не ұнады?

- Қайсы ертегіні үйрендік?

- Не жасадық?

Балаларды мақтап-мадақтап келген қонақтармен қоштасады.

САБДЕНОВА ГУЛЖАЙНА КУДАЙБЕРГЕНОВНА

Сайрам ауданы, №29 «Ай-Керім» балабақшасының тәрбиешісі

«УАҚЫТТЫ БАҒДАРЛАУ»

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы: «Уақытты бағдарлау»

Мақсаты: Балалардың тәулік бөліктері туралы түсініктерін қалыптастыру, таң, күндіз, түс, бесін, кеш, ымырт, түн туралы мағлұмат беру.

Күн тәртібін құра білуге үйрету. Балалардың қабылдау, ойлау түсініктерін дамыту.

Блигвальды компонент: Дүйсенбі - Понедельник, Сейсенбі - вторник, Сәрсенбі — среда, бейсенбі — четверг, Жұма — Пятница, Сенбі — суббота, Жексенбі — воскресенье.

Қолданылатын әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сергіту, сұрақ- жауап, қызықты сәттер, мадақтау.